ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 11 шілде №3313-23-00-2/763 Талдықорған қаласы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья М.Б.Киргабаков,
сот отырысының хатшысы Ә.Қ.Құсайынованың қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ: «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы»,

ЖАУАПКЕР: Жеке кәсіпкер «Таскалиева» басшысы Дана Аристангалиевна Таскалиева,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Жосықсыз мердігер ретінде тану,
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор С.Ж.Жабайханова,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 11 сәуірде «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы» (бұдан әрі Мекеме, тапсырыс беруші) мен Жеке кәсіпкер «Таскалиева» басшысы Дана Аристангалиевна Таскалиева (бұдан әрі Кәсіпорын, өнімберуші) тауарларды мемлекеттік сатыналу туралы № 990140003041/230274/00 шартқа қол қойған.

Шарт бойынша және шартқа қоса тіркелген қосымшаларға сәйкес өнімберуші тапсырыс берушіге тауарларды, яғни 8 дана Проектор шартқа қол қойған күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылғы 01 мамырға дейін жеткізуге міндеттелген. Алайда, Өнімберуші Шарт бойынша өзіне алынған міндеттемені тиісті түрде орындамаған, келісім шарт бір жақты тәртіппен бұзылған, бұл мән-жай іс құжаттарымен дәлелденеді.

Шарттың жалпы сомасы 3 920 000 теңгені құрайды.

Мекеме жоғарыда аталған талап арызбен сотқа жүгініп, шарт бойынша өнімберуші өзіне алған міндеттемені тиісінше орындамағаны үшін

Аталған заң нормасының шеңберінде жауапкерден мемлекет пайдасына мемлекеттік баж сомасы 1725 теңге, және талап қоюшының пайдасына 1764 теңге өндіруге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жеке кәсіпкер «Таскалиева» басшысы Дана Аристангалиевна Таскалиеваны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Таскалиева» басшысы Дана Аристангалиевна Таскалиеваны ЖСН 900912451641 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Таскалиева» басшысы Дана Аристангалиевна Таскалиеваны ЖСН 900912451641 «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының пайдасына тұрақсыздық айыбы 58800 теңге және мемлекеттік баж шығындары 1764 теңге, барлығы 60564 (алпыс мың бес жүз алпыс төрт) теңге өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Таскалиева» басшысы Дана Аристангалиевна Таскалиеваны ЖСН 900912451641 мемлекет пайдасына мемлекеттік баж шығыны 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар Қазақстан Республикасының АПК – нің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, Жетісу облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап осы Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым немесе прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья М.Б.Киргабаков
Көшірмесі дұрыс
Судья М.Б.Киргабаков
Анықтама
Шешім түпкілікті нысанда 2023 жылы дайындалды
Судья М.Б.Киргабаков
Анықтама
Шешім күшіне енді «11» қаңтар 2023 жылы енді
Судья М.Б.Киргабаков